



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

БЖЗҚ комиссиясының төмендетілгені туралы

15 қаңтар, 2021 жыл

Қазақстан Ұлттық Банкінің бастамасымен салымшылардың мүддесі үшін БЖЗҚ комиссиясын төмендету мақсатында Мемлекет басшысының 2021 жылғы 2 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қол қойған Қазақстан Республикасының Заңы аясында тиісті түзетулер енгізілді.

Бұл өзгерістер салымшылар өз зейнетақы жинақтарының бір бөлігін басқаруға аударатын БЖЗҚ, Қазақстан Ұлттық Банкі және инвестициялық портфельді басқарушылар арасындағы комиссиялық сыйақыны бөлуді, сондай-ақ оның шекті мөлшерлердің деңгейінің төмендеуін көздейді.

Қабылданған түзетулерге сәйкес, БЖЗҚ үшін тек зейнетақы активтерінен комиссия құрылады. Сонымен бірге көрсетілген комиссиялық сыйақының шекті мөлшері **60%-ға** – зейнетақы активтерінен айына 0,025% -дан **0,01%** -ға дейін **төмендетілді**.

Қазақстан Ұлттық Банкі мен инвестициялық портфельді басқарушылар үшін шекті мандерді белгілей отырып, инвестициялық кірістер бойынша комиссия қарастырылған. Инвестициялық кіріс бойынша нақты алынған комиссия мөлшері қайта қаралып, жыл сайын белгіленіп отырады.

Сонымен бірге, Қазақстан Ұлттық Банкінің ұсынысымен оның комиссиялық сыйақының шекті мөлшері инвестициялық кірістің **73%** – 7,5%-дан **2,0%** дейін **төмендетілді**.

Егер бұрын БЖЗҚ инвестициялық кірістен комиссия алған болса, онда жаңа талаптарға сәйкес сыйақы тікелей инвестициялық портфельді басқарушыға түседі. Бұл салымшыға инвестициялық портфельді басқарушының комиссиялық сыйақысы бақылауға мүмкіндік беріп, өзіне тиімді шарттарды таңдауға жағдай жасайды.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефондар арқылы ала алады:

+7 (717) 2 775 205 (ҚҰБ баспасөз қызметі)

+7(727) 312 15 68 (ішкі нөм. 5112) (БЖЗҚ баспасөз қызметі)

e-mail: press@nationalbank.kz

press@enpf.kz

www.nationalbank.kz